

Мухатаева Қ.
**Әлемдік баспа ісі және
Германия баспа ісінің
қалыптасуы**

Бұл мақалада соңғы жүз жылдықта әлемдік деңгейде кітап басу ісінің қарқындап даму жолы, баспа ісі тек көлемімен ғана емес, оның өсу динамикасымен де ерекшеленетіні туралы сөз болады. Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тізімінде жүретін, әлемдегі ең үлкен кітап шығаратын мемлекеттің бірі – Германия баспа саласы, тарихы, дамуы туралы баяндалады.

Бұл мемлекеттердегі «Әдеби агент институты» туралы, әдеби агенттердің атқаратын жұмыстары туралы айтылады. Германия баспа саласының мұндай үлкен жетістікке жетуі мемлекеттің географиялық жағдайына ғана емес, сонымен бірге Еуропада екінші орын алатын Майндағы Франкфурт аэропорты, сонымен бірге халықаралық дәрежеде көрмелер ұйымдастыру тәжірибесіне де байланысты екеніне назар аударады.

Түйін сөздер: Германия баспа саласы, баспалар, кітап тарату, кітап сауда нарығы, баспа ісі, кітап жәрмеңкесі.

Muhataeva K.
**World
Publishing and the German
publishing system**

In the offered article the author tells about ways of the accelerated development of publishing for the last century, both about proliferation, and about features of qualitative dynamics.

Is narrated about history of development of publishing branch in one of the most developed countries of the world – Germany entering also the list of leaders of world publishing.

Also the attention that Germaniyadostigla of the leading positions in publishing not only owing to vygodnogogeograficheskoy situation, but also thanks to existence of the second-large airport in Europe in Frankfurt am Main, and, undoubtedly, to experience of holding exhibitions at the international level is paid.

Key words: World Publishing, the German publishing system knigo-rasprostroneniya, book clubs, literary agent.

Мухатаева К.
**Мировое
издательское дело
и германская издательская
система**

В предлагаемой статье автор рассказывает о путях ускоренного развития издательского дела за последнее столетие – как о количественном росте, так и об особенностях качественной динамики. Повествуется об истории развития издательской отрасли в одной из наиболее развитых стран мира – Германии, входящей также в список лидеров мирового книгопечатания.

Также обращается внимание на то, что Германия достигла лидирующих позиций в издательском деле не только вследствие выгодного географического положения, но и благодаря наличию второго по величине в Европе аэропорта во Франкфурте-на-Майне, и, несомненно, опыту проведения выставок на международном уровне.

Ключевые слова: мировое издательское дело, германская издательская система книгораспространения, книжные клубы, литературный агент.

ӘЛЕМДІК БАСПА ІСІ ЖӘНЕ ГЕРМАНИЯ БАСПА ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Соңғы жүз жылдықта әлемдік деңгейде кітап басу ісі қарқынды даму жолында. Бұл даму кейінгі жылдары тұрақты және табысты болып келеді. Соңғы зерттеулерге жүгінсек әлемде 500 мыңға тарта баспа және баспа ісімен айналысатын мекемелер бар екен. Оның төрттен бірі АҚШ-та деп есептеледі [1]. Сондай-ақ баспа саласының үлкен бөлігін Ұлыбритания иеленген. Соңғы деректер бойынша Ұлыбританияда – 60 мың, Францияда – 25 мың, Германияда – 20 мың, Жапонияда – 20 мың баспа және баспа ісімен айналысатын ұйымдар бар деп тіркелген. Әлемдік баспа ісі тек көлемімен ғана емес, оның өсу динамикасымен де ерекшеленіп келеді. Соңғы он жылда әлем бойынша баспа ісі үш есеге көбейген. Бұл өсу әр елде ертеден келе жатқан алпауыт баспаларымен бірге, кейінгі жылдары шағын және орта баспалардың және баспа ісімен айналысатын мекемелердің де өсуімен байланысты болып отыр. Осындай ұсақ баспалардың, мекемелердің, баспа ісімен айналысатын кәсіпорындардың көп болып, толық ақпарат ала алмағандықтан, бұрынғы ЮНЕСКО шығарып келе жатқан статистикалық «Кітап басылымының ЮНЕСКО жылнамасы» 1991 жылдан бастап әлем басылымынан толық анықтама-ақпарат бере алмай отыр. Бүгінгі күнде ЮНЕСКО жылнамасы тек кейбір мемлекеттердің ғана статистикалық көрсеткіштерін беріп келеді. Ол көрсеткіш кеш жарияланады және мәліметтер, әрине, толық деп айтуға келмейді. 90-жылдардан бастап, ЮНЕСКО-ның жинағына қарағанда, «Халықаралық баспагерлер агенттігінің» интернет-сайтында жарияланатын мағлұматтары дәлірек анықтама-ақпарат береді деп есептелінеді, себебі әр мемлекеттің Баспагерлер агенттігінің беріп отыратын ақпараттары тез және анығырақ деп есептеледі. Осы мағлұматтарға және басқа да мерзімді басылымдар, көрме-жәрмеңке, социологиялық жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып әлемдегі алдыңғы ондыққа кіретін мемлекеттердің рейтингін жасау мүмкіндігі бар болып есептеледі. Жалпы баспа саласында кітап шығаруда әр мемлекетте әртүрлі статистикалық анықтамалар жүргізіледі. Бірақ, сол мемлекеттен шыққан кітап өнімінің барлығы жүз пайыз кірді деуге әрине, болмайды. Баспа өнімінің барлығын қамту мүмкіншілігі болмайды. Дегенмен келіп түскен статистикалық сараптамаларды салыстыра отырып, алдыңғы он мемлекетке кі-

ретін елдерді ЮНЕСКО анықтап келеді. Ол әрине, шығаратын кітап көлемінің әр жылда өзгеріп отыруына байланысты, кейде орындары ауысып келіп отыру да мүмкін.

ISBN Агенттігінің анықтамалығында 1975 жылғы 18 мемлекеттен 15 мың баспа тіркелсе, 1988 жылы 197 мемлекеттен 170 мың баспа, ал соңғы 27 – басылымында 210 мемлекеттен 499.021(жарты мил.жуық) баспа тіркелген [2].

Келесі сөз алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тізімінде жүретін Германия баспа саласы туралы болмақ.

Германияда фашизм құлаған кезде 3000-ға тарта баспа және кітап сататын фирмалар болған. Оның көбісі кітап шығару ісімен емес, құрамында 1-3 адамнан тұратын кішкентай кітап сататын лавкалар болған. 1624 жылдан Ваймарде болған «Hermann Bohlaus Nachfolger» (Ваймар), Лейпцикте әлемге белгілі «Әмбебап кітапхананы» (Универсальная библиотека) шығарған «Verlag Philipp Reclam jun» баспалары болды.

Германия Федеративті Республикасында 1969 жылы 33454 кітап шығарылса, оның 7 мыңы көркем әдебиет, 10 мыңдайы экономика, социология, статистика тақырыптарына арналған. Осы жылдарда небары 1800 баспа болған, оның ішінде 80% кішігірім жылына 10 кітаптай шығаратын мекемелер болған. Германия Федеративті Республикасында 1947 жылы құрылған үлкен А. Шпрингер баспа орталығы монополиялаған. Орталықтың құрамында баспаларынан басқа күнделікті шығып тұратын газет, типография, туристік бюро және басқа да мекемелер шоғырланған. Келесі үлкен баспа – концерн 1835 жылы құрылған «Бертельсман». Оның құрамында баспа, кинокомпания, телекомпания, т.б.ірі фирмалар шоғырландырған. 1970 жылы Шпрингер өзінің акционерлік компаниясының капиталының төрттен бірін «Бертельсманға» сатқаннан кейін бүкіл мемлекеттік коммуникация жүйесін реттеп отыратын суперконцерн пайда болады. Шетелдердегі фирмаларын қосқанда 300 ден аса фирманы біріктіреді. «Карл Бертельсманн», «Гольдманн», «Блан-валет», «Габлер», «Вивег», «Лексикотек» т.б., журнал бірлестіктерінен «Грунер + Яр», «Пласа және Жанес» бірлестіктері бар. Испанияда «Бентем-Даблжисей дей-Делл». АҚШ-та үлкен кітап жүйесі клубы бар. Келесі Германдық гигант «Хольцбринк» компаниясы. Оның құрамында Германияның өз ішінде «Дрёмер-Кнауэр», «Фишер» және «Ровольт» баспалары бар, АҚШ-та «Хенри Холт», «Фаррар, Штраус энд Жиру» және «Сайентифик америкен» журналы, Ұлыбританияда «Макмиллан» баспасы, АҚШ-

та «Рендом хауз» концерні енеді, сонымен бірге жарнама агенттігі, кинотарату, білім беру орталығы, байланыс фирмалары бар.

1735 жылдан құрылған ерте баспалардың бірі – «Ванденхук унд Рупрехт» (Vandenhoeck und Ruprecht Verlag), социал-саяси, ғылыми, көркем әдебиет және діни әдебиеттер шығарады. 1877 жылы құрылған «Ульштейн» (Ullstein) баспасы өнер, архитектура, география кітаптарын шығарса, 1886 жылы құрылған «Фишер» энциклопедия, анықтамалық әдебиеттер, көркем әдебиеттер шығарады.

Германияда негізгі баспалар туралы ақпараттарды тез іздестіруге ыңғайлы каталог-анықтамалықтар бар, олар халықаралық және ұлттық болып келеді. Соның ішінде екі үлкен каталог – біріншісі америкалық «Баукер» (R.R.Bowker) баспасы шығаратын «International Literary Market Place», екіншісі – Германияның «К.Г. Заур» (K.G. Saur), баспасы шығаратын «Publishers' International Directory with ISBN Index» анықтамалығында тек Германия баспа саласы ғана емес, әлем баспалары туралы ақпараттар береді. Бұл екі каталогтың бір-бірінен айырмашылығы біріншісі баспалар туралы толық ақпарат береді, бірақ бар баспаны ала бермейді, ал екіншісі бар баспаларды алады, бірақ ақпарат өте қысқа беріледі [3].

Шетелдік баспаларда да негізгі шығармашылық жұмыстар біздермен бірдей болып келеді, бірақ мынандай өзгешелікті атап өтуге болады. Бірінші баспаның шығаратын кітап іздеуі болса, екінші автормен баспаның және баспа мен баспа арасындағы қатынастар. Бұл мемлекеттерде «Әдеби агент институты» жұмыс істейді. Әдеби агент дегендер ол автор мен баспагердің арасындағы делдал қызметкерлер. Авторларды баспалармен байланыстырса, баспалар үшін жаңа басылымдар қарастырады. Қай мемлекетте болса да әдеби агенттердің саны көп болмайды, сондықтан алған кітаптарын олар міндетті түрде басылымға өткізеді. Өз басылымдарынан автордың гонарарының 10 % алса, шетел авторларынан 20 % гонарар алады.

Әдеби агенттерінің жұмысы – Халықаралық көрмелерге қатысу. Франкфурт көрме-жәрмеңкесі, Болоньеде өтетін балалар кітап жәрмеңкесі, испандық кітап салоны «Либер» сияқты жәрмеңкелер кітап басылымдарына жол ашатын бірден – бір орындар. Бұл көрмелердің ерекшелігі мұнда кітап сатылмайды, көбінесе келісім-шарттар жасалады. Екінші түрі – кітап салоны олар – Париж, Женева, Брюссель; Монреаль халықаралық жәрмеңкелері, мұнда кітапқа байланысты

барлық жұмыстар атқарылады. Көрермен де көп болады. Үшінші жолдар – Лондон, Лейпциг кітап жәрмеңкелері.

Неміс әдебиеті 1949 жылы мемлекет екіге бөлінгеннен кейін, шартты түрде ГДР және ГФР әдебиеті болып дамыды. ГДР социализм идиологияның ықпалында болды. Герман Демократиялық Республикасы құрылғаннан кейін жаңа баспалар ашыла бастады. Сол кездерде ашылған баспа «Der Kinderbuchverlag», 1952-1954 жылдарда ғылыми баспа, музыкалық баспа, сатиралық баспа, неміс әскери баспасы, т.б. баспалар ашылды. 1970 жылы 78 баспа тек кітап шығару ісімен айналысқан. Бұл жерде газет-журнал басатын баспалар, жеке меншік баспалар, діни кітаптар баспалары есептелмеген. Шығарған өнімдерінің құрылымына келсек, 22 баспа қоғамдық-саяси және ғылыми, 15 баспа техникалық және ауылшаруашылық басылымдарын, 4-медициналық, 16 көркем әдеби, 6 балалар әдебиетін, 7 музыкалық әдебиеттерді, 3 көркемөнерден кітап басылымдарын шығарған. Кітап шығарылымының құрылымы да бір орталықтан бақыланатын болған. Министрлік құрылып, орталықтандырылған.

ГДР кезіндегі құрылған ең үлкен баспалары. Марксизм-ленинизм әдебиеттерін шығаратын баспа болып 1945 жылы құрылған «Дитц» «Dietz Verlag» баспасы, 1948 жылдан бастап «Марксизм-Ленинизм» кітапханасы деген сериямен 64 том, 1955 жылдан Лениннің 40 томдығын, 1957 жылдан Маркс пен Энгельстің 40 томдықтары т.б.көптеген саяси кітаптарды шығарған.

«Staatsverlag der DDR» 1963 жылы ашылған Герман Демократиялық Республикасының баспа орталығы. Онда Герман Демократиялық Республикасының Конституциясы, ГДР статистикалық жылнамасы, сол сияқты көптеген саяси, құқықтық әдебиеттері шыққан.

«Akademie-Verlag» – «Академическое издательство» (Akademie-Verlag), ғылыми кітаптар шығару орталығы болды. Сонымен бірге 70 тен астам журнал басылымдарын да шығарады. Ғылым саласының бар тармақтарында кітап шығаратын әмбебап баспа. Жаратылыстану ғылымы саласынан Лейпцигтің жеке кітап фирмасы «Akademische Verlagsgesellschaft Geist und Portig K.-G.» кітаптан басқа да көптеген ғылыми журналдар шығарды.

«VEB Bibliographisches Institut» 1826 купец әдебиетші Иозеф Мейер негізін салған Лейпциктегі энциклопедиялық басылымдарды шығаратын баспа. 1840-1852 жылдары Мейер «Большой энциклопедический словарь» басы-

лымының 52 томын басып шығарған. 1942 жылға дейін словарь сегіз мәрте басылып, немістің «Брокгауз», «Гердер» энциклопедияларымен қатар жүріп келді.

«Volk und Wissen» – оқулық шығаратын баспа. «Техника» (Technik), – техникалық кітаптар шығарады.

Жалпы баспаларын тақырыптарына қарай былай топтастыруға болады.

Өнер және білім саласын шығаратын баспалар, балалар мен жасөспірімдер баспасы, кәсіптік және ғылыми басылымдар, оқулықтар баспасы, аудиокітаптар баспасы, календарлар- күнтізбелер баспасы, туристік басылымдар баспасы

Германия әлемдегі ең үлкен кітап шығаратын мемлекеттің бірі. Жылдық кітап айналым қоры 10 миллиард евро болып келеді. Германияның кітап сауда бірлестігі (Объединение Германской Книжной Торговли) немесе –Германия биржалық кітап сауда бірлестігі (Биржевой союз книжной торговли) 1825 жылдан баспа, кітап саудасы саласының басын біріктіріп келеді. Бұл бірлестікте 75000 мыңға жуық баспагерлер мен кітап сауда орталықтары біріктірілген [5]. Жыл сайын бірлестік кітап әлемінде қыруар жұмыстар атқарады. Кітап оқу конкурстарын, жазушылардың творчестволық кештерін, олардың оқырмандарымен кездесулерін, әдеби конференциялар, сонымен бірге жылдың үздік кітаптарын анықтап, оған сыйлықтар тағайындайды. Бірлестіктің жыл сайын атқаратын маңызды жұмыстарының бірі – Франкфрут кітап көрме-жәрмеңкесі. Франкфурт кітап көрмесінің тарихы Иоганн Гутенберг кітап басуды ойлап тапқан XV ғасырдан басталады. XVII ғасырға дейін орталық еуропалық көрме болып келді, XVIII ғасырда шығысқа қарай ауысып, Лейпциг жәрмеңкесі деп аталды. 1949 жылы соғыстан кейін 205 баспагер жиналып, Франкфурттың бір шіркеуінде бірінші Франкфурт кітап жәрмеңкесін өткізді. Сол жылдардан бері халықаралық Франкфурт кітап жәрмеңкесі деген атпен жылда өтіп келеді.

Жыл сайын қазан айының бас кезінде Майндағы Франкфурт қаласына дүниежүзі баспагерлері, кітап сауда ісімен айналысатындар, жазушылары бас қосады. Жүзден аса мемлекеттің 7300 аса экспоненттары көрмеге қойылады. Көрме жұмысын ақпарат салалары арқылы таратуға 12000 аса журналистер атсалысады. Франкфурт кітап жәрмеңкесі кітап бизнесі қызметкерлері мен жазушылар үшін жылда асыға күтетін кездесулердің ішіндегі ең маңыздысы болып саналады. Сонымен бірге аудармасыз келген кітаптар кітап сауда нарығының 3-4 % құрайды.

Мамандардың айтуы бойынша «Гарри Поттер» Германияға аудармасыз әдебиеттің келуіне жол ашты деп бағалайды. Сонымен бірге Германияда ұлттардың құрамы да әсер ететіні сөзсіз. Аудармасыз әдебиеттен бірінші орында ағылшын, одан кейін француз, испан, италиян және орыс тілді әдебиеттер келеді.

Әдебиетті насихаттауда Германияда бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше. Кітап оқуда телеведения жетекші роль атқарады. Соның ішінде белгілі бағдарлама «Литературный квартет» деген атпен беріледі. Одан басқа да әр каналдың өз бағдарламалары бар. Мысалы «Der Vorleser», ZDF немесе «Druckfisch», ARD.

Кітап клубтары – дербес коммерциялық бірлестіктер. Олар өз басылымдарын өздерінің мүшелері арасында саудадағы бағасынан 20-25% түсіріп таратады. Клубтардың бірнеше түрлері болады, бірақ айырмашылықтарында мынандай екі параметр болады. Біріншіден клуб өз басылымдарын магазиндегі бағамен бірдей деңгейде, бір мезгілде сатуды бастауы мүмкін. Ондай жағдайда клуб мүшелеріне сый-

лық ретінде 3-4 сатылған кітаптан кейін біреуін тегін беріп отырады [5]. Екіншіден клубтар өз товарларын почта арқылы таратады, кейбіреулері тек клуб мүшелеріне қызмет ететін өздерінің кішірек болып келетін дүкендер жүйесін пайдаланады. Клуб мүшесі кез келген адам бола алады. Тоқсандықта бір рет кітаптың каталогтары клуб мүшелеріне жіберіліп тұрады. Ал кітаптарға сол каталог арқылы тапсырыс береді. Батыс елдерінде клубтардың жұмысына аса мән береді. Дүкен жұмысын пайдаланбайтын т.б. оқырмандар үшін тиімді.

Ұлттық кітап салондары мен кітап сауда көрме жәрменкелері баспагерлер үшін негізгі кітап сату жолы болып табылады. Стендден кітап сату жұмысы жақсы ұйымдастырылады. Мысалы Мадрид кітап жәрмеңкесі 3,5 млн адамға дейін жинап, 10 млн долл.-ға дейін кітап сатылады.

Сонымен бірге көтерме сауда, супермаркеттердегі кітаптар, кітапсату дүкендер тізбегін айтуға болады. Мұндай дүкендер тізбегі Скандинавия, Ұлыбритания, Франция мемлекеттерінде де көптеп саналады.

Әдебиеттер

- 1 Эриашвили Н.Д. Зарубежный опыт: состояния книгоиздания в США. Издательская деятельность в США. / Книгоиздание. Менеджмент и маркетинг: учеб. пособие. – М., 2005.
- 2 Эриашвили Н.Д. Зарубежный опыт: состояние книгоиздания и книготорговли в США // Библиотека в эпоху перемен. – 2007. – № 3.
- 3 Баренбаум И.Е. Книга и книжное дело за рубежом : [в 3 вып.] / И.Е. Баренбаум, И.А. Шомракова. – Л. : Ленингр. гос. ин-т культуры, 1990.
- 4 Вып. 1: 3. Книга и книжное дело в капиталистических странах. – 1990. – 119 с.
- 5 Современное отечественное и зарубежное издательское дело: учеб. пособие / сост. А.В. Зарубин; под ред. Т.В. Поповой. – Екатеринбург: УГТУ-УПИ, 2008.

References

- 1 Jeriashvili N.D. Zarubezhnyj opyt: sostojanija knigoizdaniya v SShA. Izdatel'skaja dejatel'nost' v SShA. / Knigoizdanie. Menedzhmenti marketing: ucheb. posobie. – M., 2005.
- 2 Jeriashvili N.D. Zarubezhnyj opyt: sostojanie knigoizdaniya i knigotorgovli v SShA // Biblioteka v jepohu peremen. – 2007. – № 3.
- 3 Barenbaum I.E. Kniga i knizhnoe delo za rubezhom : [v 3 vyp.] / I.E. Barenbaum, I.A. Shomrakova. – L. : Leningr. gos. in-t kul'tury, 1990.
- 4 Vyp. 1: 3. Kniga i knizhnoe delo v kapitalisticheskix stranah. – 1990. – 119 s.
- 5 Sovremennoe otechestvennoe i zarubezhnoe izdatel'skoe delo: ucheb. posobie / sost. A.V. Zarubin; pod red. T.V. Popovoj. – Ekaterinburg: UGTU-UPI, 2008.